

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 37 (757) 14.9. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

СЕМИНАР

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНЫН АРАЛАДЫ



ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ БҮГІНДЕ ЖАҢАРЫП, ЖАСАРУДА. СОНЫҢ БІР ДӘЛЕЛІ – ӘР ЖЕРДЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП, ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТЫҢ ЖАҢАША КЕЛБЕТ АЛЫП, КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ БОЙ КӨТЕРУІ. БҰЛ НЫСАНДАР АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ ҮНЕМИ НАЗАРЫНДА. ОСЫ ОРАЙДА ОБЛЫС ӘКІМІ МАРАТ СҰЛТАҢҒАЗИЕВ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ.

Алғашқы кезекте облыс орталығының № 2, 4, 5 шағынаудандарындағы жылумен қамту жүйелерінің жаңарту жұмысына мән берді. Мұнда көнерген құбырлар ауыстырылуда. Жаңартылып жатқан құбырдың ұзындығы 3 шақырымды құрайды. Құрылыс жұмысы 10 шілдеде басталған, жыл соңында аяқталады деп күтілуде. Бүгінде демонтаж жұмысы біткен. Монтаждау, бетон, құбырларды қою жұмыстары жалғасуда. Жылу жүйелерін жаңартуға 1 млрд 700 мың теңге қаражат қарастырылған. Құбырлар биыл тексеруден өтіп, келесі жылы іске қосылмақ. Құрылыс жұмысын «SHEBERBUILD» компаниясы жүргізуде.

Бұдан соң облыс басшысы №2 шағынаудандағы №36 тұрғын үйді өрттен кейінгі қайта калпына келтіру жұмыстарын көрді. Бүгінгі таңда ішкі жұмыстар толығымен аяқталған, шатыры жасалған. Электрмен монтаждау жұмысы да біткен. Қасбеті жөнделіп, Болконды қайта калпына келтіру жұмысы қалған. Бұл жұмыстар бір апта көлемінде аяқталмақ.

– Бұл үйде жалпы 70 пәтер болса, соның жартысына жуығы зардап шеккен. Әсіресе, жоғарғы қабаттар. Өрт техногендік жағдайларға байланысты электр сымдарының ескіруінен орын алған. Ескі үйде мұндай жайттардың болып тұратыны белгілі. Әйтеуір зардап шеккен адам

жоқ. Жергілікті басқарушы органдардың араласуымен үй тездетіп қалпына келтірілді. Адамдар толықтай пәтерлеріне орналасты, – деді облыстық мәслихат депутаты, «АМФ 1-Имсталькон» ЖШС директорының орынбасары Сергей Горяной.

Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының тұрғындарға кедергі келтірмеу жағына мән беріп, қалған жұмысты тездетіп аяқтауды тапсырды.

Бұдан соң қалалық орталық саябаққа барған Марат Елеусізұлы жаңадан салынған амфитеатр мен субұрқаққа мән берді. Ендігі кезекте бой көтеретін шатырдың эскизіне де көз тастап, саябаққа халық көп жиналатындықтан оның көлемін үлкейту жағын тапсырды.

– Мұнда түрлі спорттық ойындар, басқа да шаралар өтеді. Соған орай шатырдың мейлінше көлемді болғаны маңызды. Осы жағын ескеру керек, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысына саябақты абаттандыру, көгалдандыру мәселесіне де назар аударды. Мұнда бүгінгі таңда 2100 ағаш бар екен, биыл тағы 200 ағаш отырғызылмақ. Оларды күтіп-баптауға ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтқан әкім бұдан ары Қапшағай су қоймасының маңында орын тепкен орталық жағажайдағы саябаққа да барды. Мұндағы 1,5 гектар аумақ бүгінде иесіз тұрғанына қынжылыс білдірді.

– Бұл – суға тиіп тұрған тамаша жер. Сондықтан мұны фитнес орталығы немесе мұз айдыны ретінде пайдалану қажет. Бұл мәселені тезірек шешіп, бос жатқан саябақты қолданысқа беру керек, – деді облыс басшысы.

Қонаев қаласындағы әкім назарындағы тағы бір нысан – №10 шағынауданда салынып жатқан 60 пәтерлі үш тұрғын үйдің құрылысы. Бұл үйлер белгіленген мерзімінен кешігуде. Бірақ жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Құрылыс жұмысына 2,7 млрд теңге бөлінген.

Осы орайда әкім үйдің құрылыс жұмысына, сыртқы келбеті мен абаттандырылуына айрықша көңіл бөлді. Қонаев қаласының өзіндік дизайн коды бар екенін, үйлер соған сай болу керектігін айтып, құрылыс жұмысын жеделдетуді тапсырды.

Қонаев қаласының әкімі Нұрлан Құматаев болса, алдағы жылдарда 107 үй салынатынын, осы маңға автомобиль жолдары да түсетінін, жуырда жаңа мектеп ашылып, халықтың сұранысы қанағаттандырылып жатқанын жеткізді.

Жыл соңына дейін Қонаев қаласы бойынша 6 тұрғын үй, демек 420 пәтер пайдалануға берілмек, оның игілігін алғашқы кезекте үй кезегінде тұрған жандар көрмек.

Алма ЕСЕНБАЙ
Қонаев қаласы

МАНСАП ПЕН ҮЙДЕГІ ТЕҢГЕРІМДІ БҰЗБАЙ САҚТАУ ОҢАЙ ЕМЕС. ЕРЕСЕКТЕРДІҢ КӨПШІЛІГІ ЖҰМЫСТЫҢ ҮЙ ӨМІРІНЕ НЕМЕСЕ КЕРІСІНШЕ ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫҢ ЖҰМЫСЫНА ӘСЕР ЕТІП ЖАТҚАНЫН МОЙЫНДАЙДЫ. ЕКЕУІН ҚАТАР АЛЫП ЖҮРУГЕ ҚАНДАЙ ДАҒДЫ НЕМЕСЕ МІНЕЗ КЕРЕК?

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ СӨЗ БОЛДЫ

Осы сауалдың жауабын табу мақсатында Қонаев қаласында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен семинар-тренинг өтті.

«Мансап және отбасы: тепе-теңдікті қалай сақтау керек?» деген тақырыптағы бір апталық біліктілікті арттыру семинарына аудандардан келген және басқармалардың мемлекеттік қызметшілері қатысты. өткен оқытудың қорытынды күніне «Сенімен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдері қатысып, мемлекеттік қызметшілердің рухани дамуына сүбелі үлестерін қосты.

өміріне, тәрбиесіне атсалысуы 45-48 пайызға көбейген. Бұл ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігінің артқанын байқатады, – деген бірлестік өкілі үш жыл қатарынан өткізілген ата-аналар тамыз форумының биылғы нәтижесін, онда көтерілген мәселелер төңірегінде жүзеге асқан жұмыстарды саралады.

Келесі кезекте сөз алған бірлестіктің сараптама кеңесінің мүшесі Назира Жұматайқызы кәсібін қалай бастағанын, кездескен қиындықтарды, отбасына тигізген залалы жайлы әңгімеледі. Қиындықтарды жеңе отырып, жұмыс пен үй арасындағы тепе-теңдіктің өнімділікті арттырып, қажуды азайтуға септігі тиетінін түсінгенін жеткізді.



Семинарды академияның филиал директоры Әйгерім Әбілова ашып, отбасы мен мансап арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті сақтау қоғамдағы маңызды мәселе болып отырғандығын атап өтті. Көп уақытын жұмысқа арнайтын мемлекеттік қызметшілерге тікелей қатысты семинар ұйымдастырып және бірлестіктің арнайы мамандарын шақырып отырғандығын тілге тиек етті.

Сөз кезегін алған бірлестік өкілі Меруерт Мәулетқызы ұйымның басты мақсатын, ағартушылық жолын, аналитикалық сауалдар арқылы жүргізген әлеуметтік зерттеулерін слайд көрсетілімі арқылы түсіндіріп берді.

Үш жылдан астам нәтижелі еңбек етіп келе жатқан бірлестік ата-аналардың саналы алаңын құра білді. Оған былтырғы жылмен салыстырғанда биылғы алты айдың ішінде ата-аналардың жиналысқа келуі 37 пайызға артқанын дәлел бола алады. Әкелердің бала

Жетістікке жету үшін отбасының татулығына кедергі келтірмейтіндей мұқият жоспар болу керекін баса айтты.

Бірлестіктің психологы, коуч-тренер Айгүл Исламбекқызы тренинг өткізді. Сұрақтар қоя отырып, қызметтегі көшбасшылықтың отбасына әсері, психологиялық нормаларға сәйкес ара қатынас мәдениетін қалыптастыру, отбасылық саясаттың өзекті тұсы жайлы қатысушылардың ойын біліп, қорытынды шығарды. Кері байланыс кезінде тыңдаушылар қызмет пен отбасын қатар алып жүрудің оңтайлы жолын сұрап, өздері де ойларын ортаға салды.

Шараны қорытындылаған филиал директоры Мұхит Бекжанұлы ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, «Сенімен болашақ» - Қазақстанның рухани саулығын сақтайтын иммунитетке айналады деген тегеурінді түйінмен аяқтады.

Айжарық БАҚТЫБАЙҰЛЫ